

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Шұғыл медицина және мейіргер ісі» кафедрасы		57/11 ()
Тәжірибелік сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулық		34 беттің 1беті

ТӘЖІРБЕЛІК САБАҚҚА АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛЫҚ

Пәні: «Шұғыл жағдайларда дәрігерге дейінгі алғашқы көмек»

Пән коды: ShZhDDAK 2309

ББ шифры мен татауы: 6B10106 «Фармация»

Оқу сағаты/кредит көлемі: 90сағат (3 кредит)

Оқу курсы мен семестрі: 1 курс, 2 семестр


Тәжірибелік (семинарлық және зертханалық) сабақ: 25 сағат

Шымкент, 2024 ж.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Шұғыл медицина және мейіргер ісі» кафедрасы		57/11 ()
Тәжірибелік сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулық		34 беттің 2беті

Тәжірибелік сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулық «Шұғыл жағдайларда дәрігерге дейінгі алғашқы көмек» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасына (силлабусы) сәйкес әзірленген және кафедра мәжілісінде талқыланды.

хаттама № 11 « 18 » 06 2024ж.

Кафедра меңгерушісі, м.ғ.к., доцент  Сейдахметова А.А.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Шұғыл медицина және мейіргер ісі» кафедрасы		57/11 ()
Тәжірибелік сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулық		34 беттің 3беті

№1 сабақ

1. **Тақырыбы:** Алғашқы дәрігерге дейінгі көмек көрсету пәні, міндеттері, көлемі және негізгі бастамалары. Науқасты клиникалық зерттеу әдістері.
2. **Мақсаты:** білім алушыларды дәрігерге дейінгі көмекті талап ететін, үлкен және кіші жастағы науқас (жәбірленуші) өмірлеріне қауіп төндіретін жіті терапиялық, хирургиялық, гинекологиялық жүйке жүйесі ауруларының патогенезі мен клиникалық көріністерінің негізгі сұрақтарына үйрету.
3. **Оқыту міндеттері:**
 - пәннің мақсатын анықтау;
 - әртүрлі күттірмейтін және шұғыл жағдайларда жасалатын іс-қимылдардың кезектілігін белгілеу;
 - ағзаның өмірге қажетті қызметтерін бағалау;
 - күттірмейтін жағдайлардағы науқасты зерттеу әдістерін анықтау;
 - бірінші дәрігерге дейінгі көмек көрсетудің негізгі принциптерін айқындау.
4. **Тақырыптың негізгі сұрақтары:**
 - негізгі шұғыл жағдайлар;
 - шұғыл жағдайлардағы диагностика әдістері;
 - науқасты немесе жәбірленушіні бірінші клиникалық тексеру әдістері;
 - бірінші дәрежеге дейінгі көмектің міндеті;
 - бірінші дәрежеге дейінгі көмек көрсету бойынша жасалатын іс – шаралардың кезектілігі;
 - бірінші дәрежеге дейінгі көмек көрсетудің негізгі принциптері;
 - шұғыл жағдайларды диагностикалау және клиникалық әдістері.
5. **Пәннің соңғы ОН қол жеткізу үшін оқытудың негізгі формалары/әдістері/технологиялары:** Ауызша сұрау. Шағын топтардағы жұмыс. ТДО-да жұмыс. Бұйрықтар және құжаттармен жұмыс.
6. **Пәннің ОН қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері:** Тестілеу, жағдаяттық тапсырмаларды шешу.
7. **Әдебиет:** соңғы бетті қараңыз
8. **Бақылау (сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т.б.):**
 1. Жәбірленушіге медициналық диагноз қойып, бірінші медициналық құжаттамаларын ... көрсету кезеңінде толтырады.
 - а) бірінші медициналық көмек
 - б) дәрігерге дейінгі медициналық көмек
 - в) бірінші дәрігерлік көмек
 - г) мамандандырылған медициналық көмек
 - д) бірінші дәрігерге дейінгі көмек
 2. Бірінші медициналық көмек көлеміне ... кірмейді.
 - а) жаракаттаушы фактордың әсерін доғару
 - б) мүмкін болатын ауыр асқынулардың алдын алу
 - в) жәбірленушіні эвакуацияға дайындау
 - г) жәбірленушіні зембілде тасымалдау
 - д) қан және қан алмастырғыштарды құю
 3. Бірінші медициналық көмек көлеміне ... кіреді.



- а) сыртқы қан кетуді уақытша тоқтату
 б) қан және қан алмастырғыштарды құю
 в) жараны біріншілік хирургиялық өңдеу
 г) қантамырды ұзына бойы тігу
 д) қан тамырға тігіс салу
4. Стационарда тек ... көрсетіледі.
 а) мамандандырылған медициналық көмек
 б) бірінші дәрігерлік медициналық көмек
 в) медико-әлеуметтік көмек
 г) дәрігерге дейінгі медициналық көмек
 д) бірінші дәрігерге дейінгі көмек
5. Дәрігерге дейінгі көмек көрсету мерзімі:
 а) 60 минуттың ішінде
 б) 45 минуттың ішінде
 в) 60 минуттың ішінде
 г) 30 минуттың ішінде
 д) 2 сағаттың ішінде
6. Бірінші сұрыптау тобына зардап шеккендер кіреді:
 а) өте ауыр, өмірге сәйкес келмейтін зақым
 б) өмірлік маңызды функциялардың бұзылуының жоғарылауымен сипатталатын ауыр жарақаттар
 в) өмірге тікелей қауіп төндірмей айқын функционалдық бұзылулармен қатар жүретін орташа ауырлықтағы зақымданулармен
 г) бақылауды амбулаториялық-емханалық емдеуді талап ететін жеңіл зақымданулармен
 д) ауруханалық емдеуді талап ететін жеңіл зақымданулармен
7. Екінші сұрыптау тобына зардап шеккендер кіреді:
 а) өте ауыр, өмірге сәйкес келмейтін зақым
 б) өмірлік маңызды функциялардың бұзылуының жоғарылауымен сипатталатын ауыр жарақаттар
 в) өмірге тікелей қауіп төндірмей айқын функционалдық бұзылулармен қатар жүретін орташа ауырлықтағы зақымданулармен
 г) бақылауды амбулаториялық-емханалық емдеуді талап ететін жеңіл зақымданулармен
 д) ауруханалық емдеуді талап ететін жеңіл зақымданулармен
8. Үшінші сұрыптау тобына зардап шеккендер кіреді:
 а) өте ауыр, өмірге сәйкес келмейтін зақым
 б) өмірлік маңызды функциялардың бұзылуының жоғарылауымен сипатталатын ауыр жарақаттар
 в) өмірге тікелей қауіп төндірмей айқын функционалдық бұзылулармен қатар жүретін орташа ауырлықтағы зақымданулармен
 г) бақылауды амбулаториялық-емханалық емдеуді талап ететін жеңіл зақымданулармен
 д) ауруханалық емдеуді талап ететін жеңіл зақымданулармен
9. Төртінші сұрыптау тобына зардап шеккендер кіреді:
 а) өмірлік маңызды функциялардың бұзылуының жоғарылауымен сипатталатын ауыр жарақаттар

O'NTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Шұғыл медицина және мейіргер ісі» кафедрасы		57/11 ()
Тәжірибелік сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулық		34 беттің 5беті

- б) өмірге тікелей қауіп төндірмей айқын функционалдық бұзылулармен қатар жүретін орташа ауырлықтағы зақымданулармен
 - в) одан әрі стационарлық емдеуді қажет ететін айқын білінетін функционалдық бұзылуларсыз жеңіл және орташа ауырлықтағы зақымданулармен
 - г) бақылауды амбулаториялық-емханалық емдеуді талап ететін жеңіл зақымданулармен
 - д) ауруханалық емдеуді талап ететін жеңіл зақымданулармен
10. Бесінші сұрыптау тобына зардап шеккендер кіреді:
- а) өте ауыр, өмірге сәйкес келмейтін зақым
 - б) өмірлік маңызды функциялардың бұзылуының жоғарылауымен сипатталатын ауыр жарақаттар
 - в) одан әрі стационарлық емдеуді қажет ететін айқын білінетін функционалдық бұзылуларсыз жеңіл және орташа ауырлықтағы зақымданулармен
 - г) бақылауды амбулаториялық-емханалық емдеуді талап ететін жеңіл зақымданулармен
 - д) ауруханалық емдеуді талап ететін жеңіл зақымданулармен

№ 2 сабақ

- 1. Тақырыбы:** Терминальды жағдайлар. Жүрек-өкпе реанимациясы.
- 2. Мақсаты:** Терминальды жағдайларда науқастың жағдайын бағалауды, жіті жүрек қан тамыр жетіспеушілігінің негізгі симптомдарын айқындауды, автоматтық жағдайға дейінгі деңгейде ЖӨР дағдыларын мінгеруді үйрену. Коматозды жағдайлардың себептері және көріністерімен танысу, науқасты немесе жәбірленушіні емдеу мекемесіне тасымалдауды дұрыс ұйымдастыруды үйрену.
- 3. Оқыту міндеттері:**
 - терминальды жағдайлардың себептері мен клиникасын білу;
 - клиникалық және биологиялық өлімнің белгілерін білу;
 - тыныс жолдарының өткізгіштігін қамтамасыз ететін іс-шараларды білу;
 - ЖӨР дағдылары.
- 4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:**
 - негізгі терминальды жағдайлар;
 - терминальды жағдайларды диагностикалау әдістері;
 - терминальды жағдайларда қолданылатын негізгі дәрілік заттар;
 - пән, терминальды жағдайларда бірінші дәрігерге дейінгі медициналық көмек шараларының кезектілігі;
 - Сафардың үштік әдісін орындау техникасы;
 - «ауыздан ауызға» әдісі бойынша өкпені жасанды желдендіру (ӨЖЖ) және жүрекке тікелей емес массаж жасау техникасы;
 - жоғарғы тыныс жолдарының өткізбеушілігі кезінде крикокониотомия жасау техникасы;
 - ЖӨР шараларының тиімділігін бағалау;
 - ЖӨР жүргізуде кететін қателіктер және оларды болдыртпау.
- 5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізу үшін оқытудың негізгі формалары/әдістері/технологиялары:** Ауызша сұрау. Шағын топтардағы жұмыс. ТДО-да жұмыс. Бұйрықтар және құжаттармен жұмыс.



6. Пәннің ОН қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері:

Тестілеу, жағдаяттық тапсырмаларды шешу.

7. Әдебиет: соңғы бетті қараңыз

8. Бақылау (сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т.б.):

1. Терминальді жағдайларға ... тән.
 - а) кома
 - б) биологиялық өлім
 - в) клиникалық өлім
 - г) шок
 - д) коллапс
2. Клиникалық өлім белгілеріне ... тән емес.
 - а) естің болмауы
 - б) ұйқы артериясында пульстің болмауы
 - в) тыныстың болмауы
 - г) көздің мүйізді қабығының бұлыңғырлануы
 - д) көз қарашықтарының кеңеюі
3. Қарапайым жағдайларда клиникалық өлімнің максимальді ұзақтығы ... құрайды.
 - а) 5 минутқа дейінгі уақытты
 - б) 10 минутқа дейінгі уақытты
 - в) 20 минутқа дейінгі уақытты
 - г) 15 минутқа дейінгі уақытты
 - д) 30 минутқа дейінгі уақытты
4. Биологиялық өлімнің ерте белгілеріне ... тән.
 - а) оң мәнді «мысық көз» симптомы
 - б) мәйіттің қатып қалуы
 - в) көз қарашықтарының жарыққа сезімталдығы
 - г) көз қарашықтарының тарылуы
 - д) оң мәнді корнеальді рефлексі
5. Өкпені жасанды желдетуге барлығы жатады, біреуінен басқа:
 - а) ауыздан ауызға
 - б) ауыздан мұрынға
 - в) бронхоскоп арқылы
 - г) тыныс алу түтікше арқылы
 - д) жасанды желдету аппараты арқылы
6. Геймлих әдісін қолдану:
 - а) тырысулар кезінде
 - б) бронхта бөгде зат болған кезде
 - в) бас миы ісінген кезде
 - г) мұрын қуысында бөгде зат болғанда
 - д) түрлі жарақаттану кезінде
7. Жасанды дем беру кезінде науқастың басын шалқайту керек:
 - а) рениматорға ыңғайлы болу үшін
 - б) дәрігермен науқастың арасында гермитизация болмауы
 - в) тыныс жолдарының өткізгіштігін қалпына келтіру үшін
 - г) қан айналымын дұрыстауға жағдай жасау үшін
 - д) науқасқа ыңғайлы жағдай жасау үшін
8. Жасанды желдетудің дұрыстығын көрсететін белгілері:



- а) тамыр соғысының болуы
 - б) ұрттың томпайуы
 - в) көз қарашығының кеңейуі
 - г) кеуде қуысының тарылуы
 - д) кеуде қуысының кеңейуі
9. Қандай жағдайда жүрекке тікелей массаж жасау керек:
- а) тікелей емес массаж нәтижесіз болған жағдайда
 - б) өкпеге жасанды желдендірудің нәтижесіз болғанда
 - в) жүректің тоқтап қалған уақытының белгісіз кезінде
 - г) клиникалық өлім болғаннан 8 мин.өткен соң
 - д) биологиялық өлім болғанда
10. Тікелей емес массаждың оң нәтижесіне жатпайды:
- а) ұйқы артериясындағы тамыр соғысының болуы
 - б) көз қарашығының кеңейуі
 - в) қызбаның көтерілуі
 - г) артериялық қысымның жоғарлауы
 - д) өз бетімен тыныс алудың пайда болуы

№ 3 сабақ

1. **Тақырыбы:** Жаралар, алғашқы дәрігерге дейінгі көмек. Десмургия. Жарақаттар. Транспорттық иммобилизация.
2. **Мақсаты:** Білім алушыларға жараларды, әртүрлі жарақаттық жағдайларды диагностикалауды және зардап шеккен адамға алғашқы көмек көрсету ережелерін үйрету.
3. **Оқыту міндеттері:**
 - жаралар мен жарақаттардың түрлерін анықтау;
 - сынықтарды, жұмсақ тіндердің, бастың, кеуде қуысының зақымдануын диагностикалау;
 - жаралар мен жарақаттар кезінде алғашқы дәрігерге дейінгі көмек көрсету және оларды емдеу мекемесіне тасымалдау;
 - жараларға көмек көрсету қағидалары;
 - жаралар мен жарақаттар кезінде дәрігерге дейінгі көмектің көлемі мен кезектілігін анықтау;
 - жарақат түріне байланысты таңғыштарды таңдау және оларды дәрігерге дейінгі көмек көрсету кезінде қолдану;
 - таңғыштарды қолданудың негізгі ережелері.
4. **Тақырыптың негізгі сұрақтары:**
 - жарақат түрленінің жіктелуі;
 - түрлі жарақат кездерінде ағзаның жалпы жағдайын бағалау;
 - жәбірленушілерге бірінші дәрігерге дейінгі көмек көрсету шараларының ауқымы және кезектілігі;
 - жәбірленушілердің жалпы және арнайы күтім шаралары, тасымалдау ерекшеліктері
 - таңғыштардың негізгі түрлері, дененің, бастың, аяқ-қолдың әртүрлі аймақтарына қолдану ережелері мен әдістері;



- қолда бар құралдардың көмегімен иммобилизация;
- тірек-қимыл аппараты зақымданған кезде дәрігерге дейінгі шұғыл көмек көлемі.

5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізу үшін оқытудың негізгі формалары/әдістері/технологиялары: Ауызша сұрау. Шағын топтардағы жұмыс. ТДО-да жұмыс. Бұйрықтар және құжаттармен жұмыс.

6. Пәннің ОН қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері: Тестілеу, жағдаяттық тапсырмаларды шешу.

7. Әдебиет: соңғы бетті қараңыз

8. Бақылау (сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т.б.):

1. Қайсы жараның түрінде жазылу тез жүреді:

- а) қадалған
- б) кесілген
- в) шабылған
- г) соғылған
- д) оқ атылған

2. зақымдалса ішке енген жарақат деп аталады.

- а) париетальды шажырқай
- б) висцеральды шажырқай
- в) тері
- г) тері асты май қабаты
- д) іштің бұлшықеттері

3. зақымдалса бастың енген жарақаты дейміз.

- а) бас сүйектері
- б) бас апоневрозы
- в) қатты ми қабығы
- г) жұмсақ ми қабығы
- д) ми тіні

4. Бассүйек негізінің, алдыңғы бассүйек ойығы аймағында сынуының белгісіне ... тән.

- а) есітудің бұзылуы
- б) дәм сезудің бұзылуы
- в) беттің асимметриясы
- г) оң мәнді «көзілдірік» синдромы
- д) құлақтан ликвордың ағуы

5. Бассүйек негізінің, ортаңғы бассүйек ойығы аймағында сынуының белгісіне ... тән.

- а) оң мәнді «көзілдірік» синдромы
- б) есітудің бұзылуы
- в) дәм сезудің бұзылуы
- г) иіс сезудің бұзылуы
- д) мұрыннан ликвордың ағуы

6. Бассүйек негізінің, артқы бассүйек ойығы аймағында сынуының белгісіне ... тән.

- а) мұрыннан қан кету
- б) оң мәнді «көзілдірік» синдромы
- в) беттің асимметриясы
- г) құлақтан қан кету
- д) мойынның артқы жағында гематоманың болуы

7. Бас миы шайқалуының негізгі белгісіне ... тән.



- а) қысқа мерзімге естің жоғалуы
 - б) ликвордың ағуы
 - в) анизокория
 - г) оң мәнді «көзілдірік» синдромы
 - д) аяқ қолдың гемипарезі
8. Оң жақты бассүйек ішілік гематомасын ... сипаттайды.
- а) сол жақ көз қарашығының кеңеюі
 - б) көз қарашығының екі жақты кеңеюі
 - в) оң жақ көз қарашығының кеңеюі
 - г) екі жақты гемипарез
 - д) оң мәнді «көзілдірік» синдромы
9. Бассүйек негізі сынығының негізгі белгісіне ... тән.
- а) анизокория
 - б) жүрек айну және құсу
 - в) мұрыннан немесе құлақтан ликвордың ағуы
 - г) оң мәнді «көзілдірік» синдромы
 - д) аяқ-қолдың гемипарезі
10. Бассүйек-мидың жарақаты кезінде ... болмайды.
- а) наркотикалық ауырсынуды басатын дәрілерді егуге
 - б) құсуға қарсы дәрілерді тағайындауға
 - в) науқастың ішімен бетін төмен қартуға
 - г) қан кету кезінде құлаққа таңғыш қоюға
 - д) қан кету кезінде мұрынға таңғыш қоюға

Жағдаяттық тапсырмалар:

1. Жол апатының нәтижесінде ер адам бас терісінің жарақатын алды. Тексеру кезінде: сол жақтағы самай аймағында жараның мөлшері 3 * 5 см, қан кету бар.
 - Алғашқы медициналық көмек көлемін тізімдеңіз.
 - Жәбірленушіге қандай таңғыш және оны қалай қолданған жөн?
2. Науқас әлсіздікке, бас айналуы, оң жақ қабырға астының ауырсынуына лоқсуға, іш өтуге шағымданып жедел көмек шақырды. Осы шағымдары 5 сағат бұрын физикалық ауырлықтан пайда болған, 5 ай алдын ішінен соққы алған, содан кейін оң жақ қабырға астында пальпация кезінде түзіліс анықталады. Объективті: бозғылт, жиі жіп тәріздес пульс, АҚ-60/20 мм с.б.б. Іші әлсіз керілген, оң жақ қабырға асты ауырсынады, мезогастральді және оң жақ мықын аймағы ауырсынады.
 - Диагноз қойыңыз.
 - Алғашқы дәрігерге дейінгі көмек.

№4 сабақ

1. **Тақырыбы:** Қансырау. Алғашқы дәрігерге дейінгі көмек.
2. **Мақсаты:** Қан кетудің түрлерін, жасырын іштен қан кету симптомдарын анықтауды, қан жоғалтудың ауқымдылығын анықтауды үйрену, сырттай қан кету кезінде қан тоқтату түрлерімен және мұрынды тығындау техникасымен танысу.

**3. Оқыту міндеттері:**

- білім алушыларға қан кетулердің түрлерін үйрету;
- уақытша қан тоқтату әдістерін дұрыс орындауды үйрету;
- мұрыннан қан кезінде мұрынның алдыңғы қуысын тығындау әдісін үйрету.

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

- қан кетудің жіктелуі;
- қан тоқтатқыш бұраманы салу ережесі;
- қан жоғалтқан науқастарға бірінші дәрігерге дейігі көмек көрсету принциптері;
- қан және қан алмастырғыш инфузияға арналған жүйені дайындау ережесі;
- мұрыннан қан кетуді тоқтату техникасы.

5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізу үшін оқытудың негізгі формалары/әдістері/технологиялары: Ауызша сұрау. Шағын топтардағы жұмыс. ТДО-да жұмыс. Бұйрықтар және құжаттармен жұмыс.**6. Пәннің ОН қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері:** Тестілеу, жағдаяттық тапсырмаларды шешу.**7. Әдебиет:** соңғы бетті қараңыз**8. Бақылау (сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т.б.):**

- 1.... қанның түсі алқызыл, фонтан тәрізді атқылайды.
 - а) Абдоминальді қан кетуде
 - б) Көктамырдан қан кетуде.
 - в) Капиллярлы қан кетуде.
 - г) Паренхиматозды қан кетуде.
 - д) Артериялық қан кетуде.
2. ... жараланған беткей шамалы қансырап тұрады.
 - а) Паренхиматозды қан кетуде.
 - б) Артериалды қан кетуде.
 - в) Капиллярлы қан кетуде.
 - г) Көктамырдан қан кетуде.
 - д) Абдоминальды қан кетуде.
3. Көктамырдан қан кету белгілеріне ... тән.
 - а) қанның үнемі ағынмен қоңыр-қызыл түсті ағуы
 - б) қанның пульсирленген ағынмен алқызыл түсті ағуы
 - в) қанның баяу, тамшылап ағуы
 - г) жараланған беткейдің қансырап тұруы
 - д) қанның пульсирленген ағынмен қызыл түсті ағуы
4. Ауа эмболиясының даму қауіпі ... кезінде дамиды.
 - а) мойынның ірі көктамырларынан қан кетуі
 - б) асқазаннан қан кетуі
 - в) сан артериясынан қан кетуі
 - г) иық артериясынан қан кетуі
 - д) паренхиматозды ағзалардан қан кету
5. Паренхиматозды ағзалардан қан кету белгілеріне ... тән.
 - а) тек жара шеттерінің қансырап тұруы
 - б) қанның үнемі ағынмен ағуы
 - в) қанның баяу, тамшылап ағуы
 - г) қанның пульс тәрізді ағынмен ағуы
 - д) жара беткейінің қансырап тұруы



6. Газды эмболия ... кезінде дамуы мүмкін.
- сан артериясының жарақаты
 - капиллярлардың жарақаты
 - иық көктамырының жарақаты
 - бұғана асты көктамырдың жарақаты
 - мойынның ірі көктамырының жарақаты
7. Ішкі қан кетудің негізгі белгілеріне ... тән.
- тері қабатының бозғылттығы
 - дене қызуының жоғарылауы
 - терінің қызаруы
 - брадикардия
 - артерияның қан қысымының жоғарылауы
8. Ерте екіншілік қан кету себептері:
- қантамырдың жаралануы
 - тромбтың шығып кетуі
 - дене қызуының төмендеуі
 - жараның іріңдеуі
 - дене қызуының жоғарылауы
9. Жарақат алғаннан соң 5 тәуліктен кейін дамыған қан кету ... деп аталады.
- біріншілік
 - екіншілік ерте
 - екіншілік кешіктірілген
 - жасырын
 - біріншілік кешіктірілген
10. Екіншілік кешіктірілген қан кету себептеріне ... тән.
- тромбтың іріңді ерітілуі
 - қантамырлардың жаралануы
 - артериялық қан қысымының жоғарылауы
 - салынған байлам жіптің сырғылуы
 - дене қызуының жоғарылауы

№ 5 сабақ

- Тақырыбы:** Күйолер кезіндегі алғашқы дәрігерге дейінгі көмек.
- Мақсаты:** күйік жағдайларының ауырлық сатыларын оқып-білу, зақымдалу ауданын анықтауды, дәрігерге дейінгі көмек көрсету дағдыларын меңгеру.
- Оқыту міндеттері:**
 - жәбірленушіге көмек көрсету кезінде қате іс-шараларды болдырмау;
 - білім алушыларға күйіктердің ауданы мен тереңдігін анықтау тәсілдерін, күйіп қалған науқас жағдайы ауырлығының клиникалық критерийлерін, әртүрлі термиялық зақымданулар кезінде дәрігерге дейінгі шұғыл көмек көрсету қағидаттарын үйрету.
- Тақырыптың негізгі сұрақтары:**
 - күйік кездерінде ұлпалардың патофизиологиялық өзгерістері;
 - күйіктің жіктелуі;
 - күйік ауырлық сатыларын айқындайтын белгілер;
 - күйіктің ауданын анықтайтын түрлі әдістері;



- күйік кездерінде бірінші дәрігерге дейінгі көмектің ауқымы мен кезектілігі.
 - 5. **Пәннің соңғы ОН қол жеткізу үшін оқытудың негізгі формалары/әдістері/технологиялары:** Ауызша сұрау. Шағын топтардағы жұмыс. ТДО-да жұмыс. Бұйрықтар және құжаттармен жұмыс.
 - 6. **Пәннің ОН қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері:** Тестілеу, жағдаяттық тапсырмаларды шешу.
 - 7. **Әдебиет:** соңғы бетті қараңыз
 - 8. **Бақылау (сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т.б.):**
1. Көпіршіктер, күйіктің ... түзіледі.
 - а) I-II сатысында
 - б) II-III сатысында
 - в) IIIA-IIIБ сатысында
 - г) II-IIIA-IIIБ сатысында
 - д) IIIБ-IV сатысында
 2. Күйік жарақаты кезінде жәбірленуші жағдайының ауырлығына ... басқасының бәрі әсер етеді.
 - а) күйік алаңы көлемінен
 - б) күйіктің тереңдігінен
 - в) күйіктің орналасуынан
 - г) жәбірленушінің жасынан
 - д) жәбірленушінің жынысынан
 3. Терең күйіктің негізгі белгілеріне ... тән.
 - а) күнгірт түсті геморрагиялық сұйықтыққа толы көпіршіктің болуы
 - б) сарғыш түсті сұйықтыққа толы көпіршіктің болуы
 - в) мөлдір сұйықтыққа толы көпіршіктің болуы
 - г) зақымданған аймақ терісінің қызаруы
 - д) мөлдір сұйықтыққа толы көпіршік түзіліп, эпидермистің ажырауы
 4. Күйікті шок, күйіктің III-IV сатыларында, күйік алаңы ... асқан кезде дамиды.
 - а) дене беткейінің 10%-нан
 - б) дене беткейінің 5%-нан
 - в) дене беткейінің 20%-нан
 - г) дене беткейінің 30%-нан
 - д) дене беткейінің 50%-нан
 5. Күйік ауруының I фазасына ... жатады.
 - а) күйікті шок
 - б) реконвалесценция фазасы
 - в) токсемия фазасы
 - г) септикотоксемия фазасы
 - д) ремиссия фазасы
 6. «Жүздік әдісі» бойынша болжамдар индексін есептеу барысында ... ескеріледі.
 - а) жәбірленушінің есінің жағдайы және жынысы
 - б) жәбірленушінің есінің жағдайы және зақымдану тереңдігі
 - в) беткейлік күйік алаңы және күйік тереңдігі
 - г) жәбірленушінің жасы және есінің жағдайы
 - д) күйік алаңы және жәбірленушінің жасы
 7. Екі қолы жалпы күйген 50 жастағы ер адам үшін, болжамдау индексі (БИ):
 - а) БИ=81-100 - болжам күмәнді



- б) БИ=60-қа дейін болжам қолайлы
 в) БИ=61-80 - болжам салыстырмалы қолайлы
 г) БИ=101 және одан жоғары – болжам қолайсыз
 д) өлім жағдайы
8. Ауқымды күйікпен зақымданған жәбірленушілерді эвакуациялау кезінде ... қолданған жөн.
- а) имобилизирлеуші вакуумды зембілді
 б) стандартты зембілді
 в) резінке үрлемелі матрацты
 г) пневматикалық шендеуішін
 д) Дитерихс шендеуішін
9. Күйіп қалған жәбірленушіге бірінші медициналық көмек көрсету кезінде ... болады.
- а) күйік қалған тері бетіне спирт жағуға
 б) жәбірленушінің үстінен өртенген киімді шешіп алуға
 в) зақымданған аймақтағы киімді қайшымен қырқып алуға
 г) күйіп қалған тері бетіндегі көпіршіктерді тесіп, ағызуға
 д) күйіп қалған тері бетінде вазелин немесе басқа да сықпа майларын жағуға
10. Күйіп қалған жәбірленушіге бірінші көмек көрсету кезінде тыйым салынатын іс-әрекеттер:
- а) күйіп қалған тері беткейін өртенген киім қалдықтарынан тазарту
 б) киімді қайшымен зақымданған аймақты қырқып алу
 в) жәбірленушіге тұзды, сілтілі сұйық ішкізу
 г) күйген жара бетіне контурлы таңғыш салу
 д) жәбірленушіні емдеу мекемесіне тасымалдау

Жағдаяттық тапсырмалар:

№1 тапсырма

Тұрғын үй өртінің салдарынан ер адам басынан, денесінің алдыңғы бетінен және жоғарғы аяқтарынан күйік алды. Науқас өте қозған, бетінде ашылған көпіршіктер бар, кеуде қуысының алдыңғы бетінде тығыз қара қыртыс, іш аймағында ашылған көпіршіктер бар.

- Науқастың шұғыл жағдайын анықтаңыз.
- Дәрігерге дейінгі көмек көрсету алгоритмін құрыңыз.

№2 тапсырма

Өрт салдарынан баланың киімі жанып кетті. Жалын сөндірілді. Тексеру кезінде: жағдайы ауыр, тежелген, қатыссыз, импульс жиі, қан қысымы төмендейді, тыныс алу таяз. Бет терісінде мөлдір мазмұны бар көпіршіктер, ашылған көпіршіктер, күйдірілген тері аймақтары бар.

- Науқастың шұғыл жағдайын анықтаңыз.
- Дәрігерге дейінгі көмек көрсету алгоритмін құрыңыз.

№3 тапсырма

Протезді алу кезінде техниктің қолына қайнаған су түсті. Қатты ауырсынуға, қол терісінің гиперемиясына шағымданады.

- Науқастың шұғыл жағдайын анықтаңыз.
- Дәрігерге дейінгі көмек көрсету алгоритмін құрыңыз.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Шұғыл медицина және мейіргер ісі» кафедрасы		57/11 ()
Тәжірибелік сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулық		34 беттің 14беті

№ 6 сабақ

1. **Тақырыбы:** Жедел тыныс жетіспеушілігі. Коникотомия.
2. **Мақсаты:** Жедел тыныс жетіспеушілігін диагностикалау және алғашқы дәрігерге дейінгі көмек алгоритмін үйрету.
3. **Оқыту міндеттері:**
 - негізгі клиникалық белгілерін және пайда болу себептеріне қарай жіті тыныс алу жетіспеушіліктерінің себептерін үйрету;
 - көмей стенозы, жүрек және бронх демікпесі, буға батып тұншығу, электрожарақат, найзағаймен зақымдану кездерінде шұғыл көмек принциптерін үйрету;
 - бронх демікпе ұстамасын небулайзер аппараты көмегімен басу техникасын игеруді үйрету.
4. **Тақырыптың негізгі сұрақтары:**
 - ӨЖЖ дің «ауыздан ауызға» немесе «ауыздан мұрынға» тәсілдерін және жүректі тікелей емес массаж жасаудың техникасы;
 - ауа өткізгіш түтікшесін қою техниасы;
 - крикоконитомияны орындау техникасы;
 - небулайзер аппаратын бронх демікпесі ұстамасын басу мақсатында қолдану;
 - науқастың жасына және дене бітіміне байланысты Геймлих әдісін орындау техникасы;
 - жіті тыныс жетіспеушілігі кезінде қолданылатын дәрілік заттар және оларды науқасқа қолдану әдістері.
5. **Пәннің соңғы ОН қол жеткізу үшін оқытудың негізгі формалары/әдістері/технологиялары:** Ауызша сұрау. Шағын топтардағы жұмыс. ТДО-да жұмыс. Бұйрықтар және құжаттармен жұмыс.
6. **Пәннің ОН қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері:** Тестілеу, жағдаяттық тапсырмаларды шешу.
7. **Әдебиет:** соңғы бетті қараңыз
8. **Бақылау (сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т.б.):**
 1. Нәрестенің тынысалу мен жүрек соғу қарым қатынасы.
 - а) ТАЖ = 40 рет 1 мин, ЖСЖ = 160 1 рет мин
 - б) ТАЖ = 30 рет 1 мин, ЖСЖ = 130 1 рет мин
 - в) ТАЖ = 25 рет 1 мин, ЖСЖ = 120 рет 1 мин
 - г) ТАЖ = 50 рет 1 мин, ЖСЖ = 170 рет 1 мин
 - д) ТАЖ = 60 рет 1 мин, ЖСЖ = 180 рет 1
 2. Вiот тынысының дұрыс тұжырымы: .
 - а) 30 секунд және одан жоғары уақытқа үзілетін ырғақты және бір қалыпты тыныс қозғалысы.
 - б) жайлап күшейген тыныс қозғалысының біртіндеп әлсіреуі
 - в) үзіліссіз шулы тыныс
 - г) жиі беткей тыныс
 - д) 1 мин созылатын тырыспалы тыныс қозғалысының апноэге ауысуы
 3. Куссмауль тынысы көбінесе мына жағдайда кездеседі:
 - а) гипогликемиялық комада
 - б) геморрагиялық инсультте
 - в) кетоацидозды комада



- г) барбитураттармен улануда
д) ауыр бас ми жарақатында
4. Гипоксемияның клиникалық белгісі болып табылады:
- а) тахикардия
б) цианоз
в) жиі пульс
г) мінездің өзгеруі
д) барлығы дұрыс
5. Обструктивті бронхите науқастың негізгі шағымы:
- а) құсу
б) бас ауруы
в) әлсіздік
г) температураның жоғарылауы
д) ентігу
6. Жіті бронхитте ... қақырықты жөтелу байқалады.
- а) шырышты
б) қызғылт көпіршікті
в) тотты
г) айнатәрізді
д) шырышты-іріңді
7. Бөгде зат көп жағдайда қай жерде тұрып қалады:
- а) алмұрт тәрізді қалталарда
б) жалған дауыс қатпарларында
в) көмей алдында
г) шынайы дауыс қатпарларында
д) көмей қарыншаларында
8. Бронх демікпесінде науқастың негізі шағымы болады:
- а) тұншығу ұстамасы
б) кеуде қуысыныдағы ауырсыну
в) іріңді қақырықты жөтел
г) қан қақыру
д) көпіршікті қақырық
9. Экспираторлы ентігу байқалады:
- а) бронх демікпесінде
б) өкпе абцессінде
в) крупозды пневмонияда
г) өкпе ісігінде
д) жүрек демікпесінде
10. Өкпе демікпесінің ұстамасы кезіндегі науқастың мәжбүрлі жағдайы ... қалыпта болады.
- а) горизонтальды
б) отырып, тізесіне сүйенген
в) аяқтарын көтеріп горизонтальды
г) жанына қарап жатқан
д) тігінен тұрған

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Шұғыл медицина және мейіргер ісі» кафедрасы	57/11 ()
Тәжірибелік сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулық	34 беттің 16беті

№ 7 сабақ

1. **Тақырыбы:** Гипертониялық криз кезіндегі алғашқы дәрігерге дейінгі көмек.
2. **Мақсаты:** Білім алушыларға гипертониялық криздің ажыратпалы диагностикасын үйрету. Криздің негізгі түрлерімен және көмек көрсету алгоритмдерімен таныстыру.
3. **Оқыту міндеттері:**
 - білім алушыларға гипертониялық кризді диагностикалауды үйрету;
 - АҚ өлшеу әдісін үйрету;
 - ГК кезінде көмек көрсетуді үйрену;
 - ГК кездерінде бірінші дәрігерге дейінгі көмек көрсету шараларының ауқымын анықтауды үйрету.
4. **Тақырыптың негізгі сұрақтары:**
 - АҚ өлшеу әдістемесі;
 - «гипертониялық криз» түсінігі;
 - гипертониялық криздердің түрлері;
 - алғашқы көмек көрсету алгоритмі.
5. **Пәннің соңғы ОН қол жеткізу үшін оқытудың негізгі формалары/әдістері/технологиялары:** Ауызша сұрау. Шағын топтардағы жұмыс. ТДО-да жұмыс. Бұйрықтар және құжаттармен жұмыс.
6. **Пәннің ОН қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері:** Тестілеу, жағдаяттық тапсырмаларды шешу.
7. **Әдебиет:** соңғы бетті қараңыз
8. **Бақылау (сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т.б.):**
 1. Асқынбаған гипертониялық криз кезінде дәрі-дәрмектерді енгізудің мына жолы қолайлы:
 - а) пероральді
 - б) теріастылық
 - в) көктамырішілік
 - г) ингаляциялық
 - д) бұлшықетішілік
 2. Асқынған гипертониялық криз кезінде мына енгізу жолы қолайлы:
 - а) пероральді
 - б) теріастылық
 - в) көктамырішілік
 - г) ингаляциялық
 - д) бұлшықетішілік
 3. Гипертониялық криз дамуына алып келетін ең жиі жағдай:
 - а) реноваскулярлы гипертензия
 - б) эссенциальді артериалды гипертензия
 - в) диабеттік нефропатия
 - г) жүйке жүйесінің ауруы
 - д) феохромоцитома
 4. Гипертониялық кризді басу үшін кальций антагонистін таңдаңыз:
 - а) Амлодипин
 - б) Фелодипин
 - в) Нифедипин

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Шұғыл медицина және мейіргер ісі» кафедрасы	57/11 ()
Тәжірибелік сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулық	34 беттің 17беті

- г) Форидон
 д) Циннаризин
5. Феохромоцитомадан туындаған гипертониялық кризді тоқтату кезінде тағайындау көрсетілген:
- а) Гидралазин
 б) Эналаприлат
 в) Клонидин
 г) Эсмолол
 д) Лабеталол
6. Гипертониялық криз диагнозын анықтау кезінде:
- а) АҚ абсолютті көрсеткіші шешуші болып табылады
 б) АҚ жоғарлауы және симптомдардың қосарлануы қажет (бастың ауруы, бастың айналуы)
 в) АҚ аздап жоғарлауы және мұрыннан қан кету
 г) егде жастағыларда бас айнарудың пайда болуы
 д) жоғары АҚ-да синкопе жағдайының дамуы
7. Гипертониялық криз дамуының экзогендік себептеріне барлығы жатады,мынадан басқа:
- а) ас тұзын шамадан тыс қолдану
 б) гипотензивті препарат қабылдауды кенеттен тоқтату
 в) алкогольді шамадан тыс қолдану
 г) операция кезінде және одан кейінгі реанимациялық шаралар
 д) қуық асты безінің аденомасындағы уродинамиканың бұзылуы
8. Гипертониялық криз дамуының эндогендік себептеріне барлығы жатады,мынадан басқа:
- а) ЖИА өршуі (жедел коронарлық жеткіліксіздік, жүректік астма)
 б) бас мидың ишемиясы
 в) гормоналды контрацептивтерді қабылдау
 г) ұйқыдағы апноэ синдромы
 д) орақша- жасушалық криз
9. Гипертониялық криз дамуының қантамырлық механизмі ең алдымен анықталады:
- а) сұйықтық жиналуымен
 б) ЖЖЖ жиілеуімен
 в) жүрек лақтырысымен
 г) қантамырлар жалпы шеткері қарсылығының жоғарлауы
 д) эндотелиальді дисфункциямен

№ 8 сабақ

1. **Тақырыбы:** Жедел коронарлық синдром және миокард инфаркты кезіндегі алғашқы дәрігерге дейінгі көмек.
2. **Мақсаты:** Білім алушыларға жедел жүрек жеткіліксіздігі кезінде алғашқы медициналық көмек көрсетудің диагностикасы мен тактикасын үйрету. Шұғыл көмек көрсету кезінде қолданылатын негізгі дәрі-дәрмектермен таныстыру.
3. **Оқыту міндеттері:**
 - ЖЖЖ синдромын диагностикалауды үйрету;
 - білім алушыларды «кардиогенді шок» ұғымымен таныстыру;

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Шұғыл медицина және мейіргер ісі» кафедрасы		57/11 ()
Тәжірибелік сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулық		34 беттің 18беті

- ЖЖЖ синдромы кезінде бірінші дәрігерге дейінгі көмек көрсету дағдыларын үйрету;
- ЖЖЖ синдромы кездерінде дәрігерге дейінгі көмек көрсету шараларының алгоритмімен танысу.

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

- ЖЖЖ синдромының анықтамасы және жіктелуі;
- ЖЖЖ синдромының этиологиясы, патогенезі және клиникасын үйрету;
- ЖЖЖ ерекшеленетін белгілері;
- ЖЖЖ негізгі белгілері;
- жедел жүрек жеткіліксіздігі кезінде шұғыл көмек көрсету кезінде қолданылатын дәрілік заттар.

5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізу үшін оқытудың негізгі формалары/әдістері/технологиялары: Ауызша сұрау. Шағын топтардағы жұмыс. ТДО-да жұмыс. Бұйрықтар және құжаттармен жұмыс.

6. Пәннің ОН қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері: Тестілеу, жағдаяттық тапсырмаларды шешу.

7. Әдебиет: соңғы бетті қараңыз

8. Бақылау (сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т.б.):

1. Реанимациялық шаралардың нәтижелілігіне тән белгі:
 - а) көз қарашықтарының тарылуы
 - б) көз қарашықтарының кеңеюі
 - в) «мысық көз» симптомының пайда болуы
 - г) дене қызуының төмендеуі
 - д) артериалдық қан қысымының болмауы
2. Жүрек-өкпе реанимациясын ... кезінде жасауға тиісті.
 - а) клиникалық өлім
 - б) стационарда кез келген науқас өлімі
 - в) тек қана жас науқастардың кенеттен өлімі
 - г) стационардан тыс ауыр сырқаттан өлген
 - д) тек қана дені сау адамдардың кенеттен өлімі
3. Жүрекке тікелей емес массаж жасаудың міндетті шарты:
 - а) қолдың, семсер тәрізді өсіндінің төске жалғанған жерінен көлденең 2 саусақ жоғары тұруы
 - б) көкірек сарайының астында жұмсақ заттың болуы
 - в) екі реаниматордың болуы
 - г) жауырын астында валиктің болуы
 - д) қолдың кеуде сарайының сол жағында болуы
4. Стенокардия ұстамасына ... тән.
 - а) аурудың оң жақ иыққа, жауырынға, қолға берілуі
 - б) 15-20 минутқа созылатын төс артының ауыруы
 - в) 30-35 минутқа созылатын төс артының ауыруы
 - г) 3-5 минутқа созылатын төс артының ауыруы және нитроглицерин қабылдаудың нәтижелілігі
 - д) нитроглицерин қабылдаудың нәтижесіздігі
5. Жедел сол жақ қарыншалық жүрек жеткіліксіздігінің көріністері болып табылады:
 - а) ентігу, цианоз, тахикардия
 - б) цианоз, брадикардия

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Шұғыл медицина және мейіргер ісі» кафедрасы	57/11 ()
Тәжірибелік сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулық	34 беттің 19беті

- в) тахикардия, дене температурасының жоғарлауы
 - г) аяқтағы ісінулер
 - д) бет және мойындағы ісінулер
6. Миокард инфарктінетән белгілерге жатады:
- а) қайталамалы естен тану жағдайлары
 - б) артериялық қан қысымының жоғарылауы
 - в) артериялық қан қысымның төмендеуі
 - г) бас ауыруы, жүрек айну, құсу
 - д) 20-30 минутқа созылатын төс артының ауыруы
7. Өкпе ісінуі дамиды:
- а) жіті жүректің сол қарыншалық жетіспеушілігі кезінде
 - б) коллапс кезінде
 - в) жіті тамыр жетіспеушілігі кезінде
 - г) жіті жүректің оң қарыншалық жетіспеушілігі кезінде
 - д) жіті тыныс жетіспеушілігі кезінде
8. Стенокардия ұстамасына тән белгі:
- а) төс арқасындағы ауру сезімі, ұзақтығы 3-5 мин және нитроглицерин қабылдағаннан жақсару
 - б) төс арқасындағы ауру сезімі, ұзақтығы 15-20 мин және нитроглицерин қабылдағаннан жақсармау
 - в) төс арқасындағы ауру сезімі, ұзақтығы 30-35 мин және нитроглицерин қабылдағаннан жақсармау
 - г) оң жақ иыққа, жауырынға, екі қолға ауру сезімі берілуі
 - д) ұзаққа созылған ауру сезімі, нитроглицерин қабылдағаннан жақсармау
9. Миокард инфарктінің қарапайым белгілеріне ... жатады.
- а) қайталамалы естен тану жағдайлары
 - б) артериялық қан қысымының жоғарылауы
 - в) артериялық қан қысымның төмендеуі
 - г) бас ауыруы, жүрек айну, құсу
 - д) 20-30 минутқа созылатын төс артының ауыруы
10. Миокард инфарктісіндегі ауырсынуды басу үшін қолданады:
- а) кордиамин, кофеин
 - б) баралгин, но-шпа
 - в) аспирин, парацетамол
 - г) седуксен, диазепам
 - д) промедол, морфин

№ 9 сабақ

1. **Тақырыбы:** Аллергиялық реакциялар кезіндегі алғашқы дәрігерге дейінгі көмек. Анафилактикалық шок.
2. **Мақсаты:** Аллергиялық реакциялардың патофизиологиясын зерттеу. Аллергия, анафилактикалық шок белгілерін анықтауды және осындай науқастарға алғашқы медициналық көмек көрсетуді үйрену.
3. **Оқыту міндеттері:**
 - білім алушыларға анафилактикалық шоктың формалары мен ауырлығын диагностикалауға және ажыратуға үйрету;



- білім алушыларға анафилактикалық шок кезінде алғашқы медициналық көмек көрсету дағдыларын үйрету;
- білім алушыларға анафилактикалық шок кезінде дәрігерге дейінгі көмек көрсету іс-шараларының алгоритмдерін үйрету;
- аллергия мен анафилактикалық шок үшін қолданылатын дәрілер.

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

- анафилактикалық шоктың клиникасы және ажыратпалы диагностикасы;
- анафилаксия түрлерінің жіктелуі және айрықша белгілері;
